

Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногын дамытудың мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 мамыр N 658

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1 . Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

- 1) Қазақстан Республикасында Бағалы Қағаздар рыногын дамыту бағдарламасының о р ы н д а л у ы т у р а л ы е с е п ;
- 2) Қазақстан Республикасында Бағалы Қағаздар рыногын дамытудың

1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының бір ай мерзімде Қазақстан Республикасында Бағалы қағаздар рыногын дамытудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын әзірлеу және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуі туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 мамырдағы
N 658 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 мамырдағы N 608
қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар
рыногын дамыту бағдарламасының орындалуы туралы
есеп

Қолданылған қысқарған сөздер

Ұлттық комиссия Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар
жөніндегі ұлттық комиссия

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

АҚ акционерлік қоғам немесе акционерлік қоғамдар

БДҚ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар рыногының
Брокерлер және Дилерлер қауымдастығы

МЖЗҚ "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ

ЖАҚ жабық акционерлік қоғам

ИЖҚ Инвестициялық жекешелендіру қоры немесе
инвестициялық жекешелендіру қорлары

ҚТҰҚ Қазақстан тізілім ұстаушыларының қауымдастығы

ЗАБК Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания
немесе компаниялар

ҚХҚБ "Қазақстанның халықаралық қор биржасы" ЖАҚ

МЕЖЗҚ мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры немесе
мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары

ӨРҰ бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының
өзін-өзі реттеу ұйымы немесе өзін-өзі реттеу
ұйымдары

ОАҚБ "Орталық-Азия қор биржасы" жабық үлгідегі
акционерлік қоғамы

Орталық депозитарий "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ

KASE "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 мамырындағы N 608 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі "Бағдарлама" деп аталатын) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын дамыту бағдарламасы 1996 жылғы сәуірден 1998 жылғы желтоқсанға дейін мынадай негізгі бағыттардың:

1. Бағалы қағаздар рыногының заңдар базасын қалыптастырудың;
2. Институционалдық инвесторлар жүйесін құрудың;
3. Бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымын құрудың;
4. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жетілдірудің;
5. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік реформасының;
6. Бағалы қағаздар рыногының өзін-өзі реттеуінің;
7. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби мамандарын даярлау жүйесінің;
8. Бағалы қағаздар рыногын дамытуды ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құрудың ;
9. Отандық бағалы қағаздар рыногының халықаралық қаржы рыноктарының жүйесіне интеграциясы үшін жағдай мен алғы шарттар жасаудың шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруды көздеді.

1-бөлім

Бағалы қағаздар рыногының заңдар базасын қалыптастыру

Есепті кезең ішінде (1996 жылғы сәуірден 1998 жылғы желтоқсанға дейін) бағалы қағаздар рыногының заң актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Ұлттық комиссиясының нормативтік құқықтық актілерін қамтитын, базалық заңдық инфрақұрылымы заңдар толықтай қалыптастырылды .

1.1. Заң актілері

1. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңы . Z 9 7 0 0 7 7 _

"Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің осы Заңда 1995 жылғы 21 сәуірдегі заң күші бар Жарлығын U952227_ алмастырған бағалы қағаздар рыногының объектілері мен субъектілері айқындалды, бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеудің негіздері, сондай-ақ оларды шығаруға және орналастыруға қойылатын талаптар белгіленді, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің түрлері мен оларды жүзеге асыруға қойылатын негізгі талаптар айқындалды, бағалы қағаздармен сауда-саттықтарды ұйымдастырушыларды (қор биржасы, биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға кесу ұйымы, өзге де мүмкін ұйымдар) және ӨРҰ құрудың және олардың қызметінің шарттары қ а л ы п т а с т ы р ы л д ы ;

2. "Бағалы қағаздар мен мәмілелерді тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы Заңы. Z970078_

Осы Заң, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуге және бағалы қағаздарға меншік құқығын немесе өзге де заттай құқықтарды растауға өкілетті ұйымдарды, олардың арасындағы өзара қатынастардың негіздерін, сондай-ақ олардың қызметінің базалық ж а ғ д а й ы н а й қ ы н д а д ы ;

3. "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 6 наурыздағы Заңы. Z970082_

Аталған Заңмен Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлардың құқықтық мәртебесі айқындалды, оларды құрудың және қызметін реттеудің е р е к ш е л і к т е р і б е л г і л е н д і ;

4. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы. Z970136_

Аталған Заңмен Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы қорлары, ЗАБК және кастодиандар білдіретін жинақтаушы зейнетақы жүйелерін құруды көздейтін, зейнетақымен қамтамасыз етудің құқықтық және әлеуметтік негізі айқындалды.

5. "Акционерлік қоғам туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 ш і л д е д е г і З а ң ы . Z 9 8 0 2 8 1 _

Аталған Заңмен АҚ-ны құру мен оның қызметін жүзеге асырудың, оларды қайта ұйымдастыру мен таратудың тәртібі, АҚ-ның қызметін корпоративтік басқарудың және оның бағалы қағаздар шығаруының негізгі ережелері акционерлердің (ең алдымен ұсақ) құқықтары мен мүддесін қорғауға бағытталған, оның ішінде олардың құқықтарын, сондай-ақ АҚ мен ірі акционерлердің АҚ-ның қызметін реттеу мәселелеріндегі жауапкершілігін, оның нәтижелері туралы ақпараттарды алудың тәртібін белгілейтін н о р м а л а р а й қ ы н д а л д ы .

6. "Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдарының мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы. Z980282_

1.2. Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық актілері

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ Жарлығымен заңдардағы, бір жағынан "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі Жарлығына сәйкес Ұлттық комиссия Министрлер Кабинетінің құрамындағы орталық мемлекеттік реттеу органы болып табылған, ал екінші жағынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген ол туралы ережеге сәйкес Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылатын қайшылықтарды жойған Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереже бекітілді.

1.3. Үкіметтің нормативтік құқықтық актілері

Есепті кезең ішінде Үкімет Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті лицензиялауға және жүзеге асыруға қатысты бірнеше нормативтік құқықтық актілерді бекітті, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногын дамыту мәселесіне тікелей қатысты бірқатар қаулылар қабылдады. Үкіметтің көрсетілген нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі осы Есепке 1-қосымшада келтірілген.

1.4. Ұлттық комиссияның нормативтік құқықтық актілері

Есепті кезең ішінде Ұлттық комиссия 121 нормативтік құқықтық акті, оның ішінде:

1) бағалы қағаздардың эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметін реттеу және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңын дамыту мәселелері бойынша - 29 (жалпы санының 24% - і);

2) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті лицензиялау және реттеу мәселелері бойынша - 39 (32%);

3) зейнетақы реформасы мәселелері бойынша - 29 (24%);

4) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау мәселесі бойынша - 6 (5%);

5) бағалы қағаздар мен сауда-саттықтарды ұйымдастырушылардың қызметін лицензиялау және реттеу мәселесі бойынша - 4 (3%);

6) инвестициялық қорлар мен бағалы қағаздар портфельдерін басқарушылардың қызметін лицензиялау және реттеу мәселесі бойынша - 5 (4%);

7) басқа да мәселелер бойынша - 9 (8%) шығарды.

Ұлттық комиссиясының нормативтік құқықтық актілерінің толық тізбесі осы Есепке 2-қосымшада келтірілген.

Институционалдық инвесторлар жүйесін құру

Аталған бағыттың негізгі міндеті қазақстандық бағалы қағаздар рыногында тартылған қаражатты бағалы қағаздарға кәсіптік инвестициялауды жүзеге асыратын институционалдық инвесторлардың пайда болуына арналған жағдайды қамтамасыз етуге саяды. Институционалдық инвесторлар сыныбының негізін инвестициялық банктер, инвестициялық қорлар, зейнетақы қорлары және сақтандыру ұйымдары құрауы тиіс болды. Іс жүзінде есепті кезеңде МЖЗҚ өзін институционалдық инвестор ретінде көрсетті.

2.1. Инвестициялық банктер

1997 жылдың ортасына дейін инвестициялық банктер Қазақстанда қандай да болмасын көрнекті дамуға ие болмады. 1999 жылғы 11 шілдеде депозиттік банктен ерекшелігі депозиттерді қабылдауды (өзге банктердің жедел депозиттерін қоспағанда) жүзеге асыратын және тікелей және портфельдік инвестицияларды жүзеге асыруға мамандандырылатын банк ретіндегі инвестициялық банк ұғымын жойған "Қазақстан Республикасының Банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z970154_ қабылданды. Оның орнына екінші деңгейдегі банктерге акциялары қор биржасында листингтен өткен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға (бір эмитент шығарған акциялардың жалпы санының 15 процентінен аспайтын мөлшерде) рұқсат берілді. Аталған шектеулерге орай екінші деңгейдегі банктер есепті кезеңде өздерін институционалдық инвесторлар ретінде көрсетпеді.

2.2. Инвестициялық қорлар

Бағдарламаның аталған бағытын іске асырудың шеңберінде инвестициялық қорлар мен оларды құруды және олардың қызметін реттейтін инфрақұрылымдардың бастапқы заңдар базасы қалыптастырылды. "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 6 наурыздағы Заңында олар ашық акционерлік қоғам нысанында құрылатын және кейіннен бағалы қағаздарға диверсификацияланған инвестициялау мақсатымен өз акцияларын шығару және ашық орналастыру арқылы ақша қаражатын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар ретінде айқындалды. Инвестициялық қорлардың 2 үлгісі - қарыз қоры (акционерлерден өз акцияларын сатып алуға міндетті) және инвестициялық компаниялар (мұндай міндеті жоқ) белгіленді.

"Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Заңды әзірлеу кезінде 1997 жылы ИЖҚ инвестициялық қорға немесе өзге де АҚ-ға қайта

ұйымдастырылу мақсатында не өзін-өзі тарату үшін өз салымшыларының жалпы жиналысын өткізеді деп ұйғарылды. Алайда, бұл процесс қолданылып жүрген заңдар кейбіреуінің миллионнан астам салымшылары бар ИЖҚ акционерлерінің жалпы жиналысын қалай шақыру және өткізу туралы мәселені ашпағандығына келіп тірелді. Аталған проблеманы шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1208 P971208_ қаулысымен ИЖҚ акционерлерінің жалпы жиналысын сырттай өткізуге жол беретін инвестициялық жекешелендіру қорлары акционерлерінің жалпы жиналысын дайындаудың және оны өткізудің ерекшеліктері туралы ережені бекітті. Бірақ бұл шара да акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі компанияларды қаржыландыру үшін жеткілікті қаражаты жоқ ИЖҚ-ны трансформациялау процесін жеделдетуге ықпал етпеді. Оның үстіне көптеген ИЖҚ-ларда инвестициялық жекешелендіру купондары сатылмай қалды.

Қалған инвестициялық қор құруға тілек білдіргендер үшін айтылған Заңдағы: инвестициялық қордың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын шектеу жөніндегі, жарғылық капиталдың ең төменгі деңгейіне талаптар жөніндегі, инвестициялық қорды басқарушымен өзара қатынастың сызбасы жөніндегі нормалар тиімсіз болды. Оның үстіне, инвестициялық қорға олар бағалы қағаздар бойынша алған кірістер бойынша және оның акционерлеріне қордың өзінің акцияларына кірістер бойынша қос салық салуды белгілейтін салық заңдарының жетілдірілмеуі де инвестициялық қорлардың пайда болуы жолына кедергі болды.

Осының нәтижесі ретінде есепті кезеңде және 1999 жылдың өткен айларында Қазақстанда осылайша бірде-бір инвестициялық қор құрылған жоқ.

2.3. Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар

1996 жылдың 3 маусымында Қазақстан Республикасының қандайда да болмасын практикалық нәтижелер бермеген "Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қорлары туралы" Заңы Z960004_ қабылданды. 1997 жылдың 20 маусымында "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына орай аталған Заң күшін жойды. Жаңа Заңға сәйкес Қазақстанда бағалы қағаздар рыногында институционалдық инвесторлардың жаңа түрлерінің - жинақтаушы зейнетақы қорларының, сондай-ақ олардың зейнетақылық активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ЗАБК-нің пайда болуын көздейтін жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істей бастады.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары қазақстандық бағалы қағаздар рыногындағы алғашқы толық мәнді институционалдық инвесторларға айналды. 1998 жылғы 1 қаңтарда олар 5 - МЖЗҚ және 4 МЕЖЗҚ болды. Алайда МЕЖЗҚ-лардың институционалдық инвесторлар ретінде нақты жұмыс істеуі Ұлттық комиссия алғашқы

екі ЗАБК-нің зейнетақылық активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия берген кезде, 1998 жылдың ақпанынан басталды.

1999 жылдың басында Қазақстанда МЖЗҚ мен 12 МЕЖЗҚ, сондай-ақ 8 ЗАБК (оның ішінде МЖЗҚ-ның инвестициялық басқарушысы ретінде Ұлттық Банк) жұмыс істеді. Барлық жинақтаушы зейнетақы қорлары тартқан зейнетақы активтердің жиынтық көлемі МЖЗҚ-ның үлесіне 18.028 миллион теңге (жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақылық активтерінің жалпы көлемінің 76,2%), ал МЕЖЗҚ үлесіне - 5,617 миллион теңге (жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 23,8%-і) келетін 23.645 миллион теңгені (Ұлттық комиссияның деректері бойынша) құрады.

Сақтық пен консерватизмге орай жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері, бірінші кезекте, мемлекеттік бағалы қағаздарға, оның ішінде МЕЖЗҚ-ның зейнетақы активтері - Қазақстан Республикасының еурооблигацияларына (ұлттық комиссияның тиісті рұқсаты мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазақстандық еурооблигацияларға қатысты салық режимі мемлекеттік бағалы қағаздарға қатысты салық режимі мен бірдей екендігі туралы және Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының еурооблигацияларын шетелде сатып алу лицензия алуды талап етпейтіндігі туралы түсініктемелерінен кейін) инвестициялау үшін, пайдаланылды. Әйтсе де, 1998 жылдың IV тоқсанында ЗАБК ұйымдастырылған қор рыногында МЕЖЗҚ-ның толық мәнді институционалдық инвесторлар ретіндегі белсенділігі арта түсетіндігіне сенуге болатын мемлекеттік емес бағалы сатып алуды бастады.

2.4. Сақтандыру ұйымдары

Сақтандыру ұйымдары қызметінің түрлі аспектілері, оның ішінде сақтандыру резервтерін орналастыру жөніндегі де, айқындалған "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы заң күші бар Жарлығымен оларға тек мемлекеттік бағалы қағаздар (сақтандыру резервтерінің 80% аспайтын) мен шетелдік валютамен көрсетілген бағалы қағаздарға (сақтандыру резервінің 50% аспайтын) ғана инвестициялауға рұқсат етілді. 1999 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 71 сақтандыру ұйымының бар-жоғы 5.868 миллион теңгені құрайтын активтерінің жалпы көлемінен бағалы қағаздарға (мемлекеттік бағалы қағаздар, борыштық мемлекеттік емес бағалы қағаздар, басқа да заңды тұлғалардың акциялары мен пайлары) 8,6% ғана салынды. Бұл ретте сақтандыру ұйымдарының активтері сақтандыру резервтерін де, және олардың өз активтерін де қамтитынын атап өту қажет.

Бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымын құру

Аталған бағыттың негізгі міндеті негізгі функционалдық мақсаты бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру процестері мен олардың екінші мәрте рынокта айналысын үздіксіз қамтамасыз ету болып табылатын қазақстандық бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымын құруға және дамытуға саяды.

3.1. Институционалдық инфрақұрылым

"Бағалы қағаздардың рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңында бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің:

- 1) б р о к е р л і к ;
- 2) д и л е р л і к ;
- 3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі;
- 4) к а с т о д и а л д ы қ ;
- 5) д е п о з и т а р л ы қ ;
- 6) бағалы қағаздардың портфелін басқару жөніндегі;
- 7) клирингтік (бағалы қағаздар мен операциялар бойынша өзара талап етулер мен міндеттемелерді айқындау жөніндегі) сияқты негізгі түрлері айқындалды.

Есепті кезеңде Қазақстанда брокер-дилерлер, тіркеушілер, кастодиандар (Бағдарламада "бағалы қағаздарды сақтаушылар" деп аталған) және ЗАБК білдіретін бағалы қағаздар рыногының институционалдық инфрақұрылымы қалыптастырылды.

3.1.1. Брокер - дилерлер

1997 жылғы 1 сәуірде лицензияландырылған брокер-дилерлердің жалпы саны 94 құрады. Олардың 67-і банктік емес ұйымдар, ал 27 - екінші деңгейдегі банктер болды. Алайда, банктердің қызметі мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жасаумен шектелді, ал брокер-дилерлердің - банктік емес ұйымдардың негізгі бөлігін ұсақ делдалдық ұйымдар не бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметін кәсіпкерлік қызметтің басқа да түрлерімен қоса атқаратын ұйымдар құрады.

1997 жылы брокерлік-дилерлік корпусты қалыптастыру кезінде қызметтің аталған түрін реттеуге бағытталған іс-шаралар кешені орындалды:

- 1) қаржы рыногындағы қызметті қоспағанда бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметі кәсіби қызметтің басқа түрлерімен қоса атқаруға тиым салынды;
- 2) брокер-дилерлерді 2 санатқа - бастапқы ұстаушы ретінде клиенттердің есебін

жүргізу құқығымен (I санат) және өз капиталының жеткіліктілігінің ең төменгі деңгейін тиісті саралау арқылы клиенттердің есебін жүргізу құқығынсыз (II санат) шектеу енгізілді;

3) брокер-дилер қызметкерлердің біліктілігіне арнайы талап белгіленді;

4) брокер-дилерлер үшін өлшемдердің (нормативтердің) санаттары бойынша сараланған қаржылық тұрақтылық белгіленді.

Көрсетілген іс-шара брокер-дилерлер санының күрт қысқаруына әкеп соқты. 1998 жылдың басында олардың жалпы саны олардың 30-банктік емес ұйымдар, ал 31-і екінші деңгейдегі банктер болған 61-ге дейін қысқарды. Бұл ретте 28 брокер-дилердің I санаттағы, 33-інің - II санаттағы лицензиясы болды. Алайда, брокер-дилерлерге деген талаптың қатаюына қарамастан 1997 жылдың екінші жартысында олардың I санаттағы брокер-дилерлердің жалпы санындағы ара салмағының артуы сияқты айқын байқалған сапалық құрылымының өзгеруі тенденциясын атап өткен жөн. Осылайша, 1997 жылдың екінші жартысында I санаттағы брокер-дилерлердің салыстырмалы ара салмағы банктерде 10,3%-тен 41,9%-ке дейін, ал банктік емес ұйымдарда - 21,4%-пен 50,0% - ке дейін өсті.

1998 жылдың бірінші жарты жылдығында брокер-дилерлер санының қысқаруы екі негізгі факторлардың әсер етуінің нәтижесіне айналған кері бағытқа ауысты:

- 1998 жылғы 17 сәуірде қазақстандық ірі Өскемен титан-магний комбинаты, "Қазақмыс" корпорациясы, Маңғыстаумұнайгаз және Ақтөбемұнайгаз акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерінің бір бөлігін орналастыруға арналған мандаттарға қол қойылды, ал Үкіметтің 1998 жылғы 19 маусымдағы N 575 қаулысымен жаңа брокер-дилерлерді құрауға ынталандырған, акцияларының мемлекеттік пакетін халықаралық және ішкі қор рыногінде сату ұйғарылған Қазақстаналюминийі, Қазхром, Соколов-Сарыбай тау-кен өндірістік кәсіпорны, Қазмырыш, Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты акционерлік қоғамдарының тізімі бекітілді;

- Ұлттық комиссия халықаралық қаржы рыногындағы дағдарыстық құбылыстарға орай қалыптасқан Қазақстандық қор рыногындағы қолайсыз жағдайларды ескере отырып, 1999 жылдың 1-қаңтарына дейін брокер-дилерлерге олардың қаржылық тұрақтылықтың белгіленген өлшемдеріне (нормативтеріне) жетуіне уақыт берді.

Нәтижесінде 1998 жылдың бірінші жартысында банктік емес ұйымдарға лицензиялар берудің есебінен брокер-дилерлер санының тұрақты өсуі байқалды. Осылайша, 1998 жылғы 1 шілдеде олардың жиынтық саны 72 (43 - банктік емес ұйымдар, 29 - екінші деңгейдегі банктер) құрады.

1998 жылғы тамызда басталған Ресейдегі қаржы дағдарысы брокер-дилерлердің санына тікелей әсер етті. Олардың санының өсуі тоқтады (1999 жылдың басында брокер-дилерлердің жалпы саны 73-ті, оның ішінде 45 банктік емес ұйымдар мен 28 банктерді құрады). Брокер-дилерлердің жұмыс ауқымы мен тиісінше кірістерінің қысқаруы олардың лицензияның қолданылуын қамтамасыз ету үшін қажетті

шарттарды ұстап тұруын қиындатты. Осылайша, егер 1998 жылғы 1 қазанда қолданылу мерзімі тоқтатылған лицензиялардың саны 4-ті құраса, 1999 жылғы 1 қаңтарда 15 болды, оның үстіне 9 лицензияның қолданылуы Ұлттық комиссия директорының осы мақсатта арнайы қабылданған қаулысының негізінде ерікті түрде брокер-дилерлердің өздерінің өтініштері бойынша тоқтатылды.

1997 жылы мемлекет брокер-дилерлердің сандық және сапалық құрамын реттеудің тетіктерін пысықтағаннан кейін, 1998 жылы брокер-дилерлердің жұмысының сапасын, бірінші кезекте, олардың қор рыногындағы қызметінің "айқындылығын" қамтамасыз ету жөніндегі жақсарту жөнінде бірқатар шаралар қабылданды:

- 1998 жылдың ақпанынан бастап мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногы жай-күйінің мониторингін жүзеге асыруды қолға алуға мүмкіндік берген брокер-дилерлер жасасқан барлық мәмілелер туралы мәліметтерді жинау қолға алынды ;

- 1998 жылғы 24 қазаннан бастап оған сәйкес брокер-дилерлердің арасындағы барлық мәмілелер тек ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыноктарында ғана жасалуы тиіс норма қолданысқа енгізілді;

- 1998 жылғы 31 желтоқсандағы Ұлттық комиссия бекіткен Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырудың жаңа ережесімен брокер-дилерлерге іс жүзінде барлық мәмілелерді (тек өзара ғана емес, клиенттермен де) ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыноктарында ғана жасасу міндеті жүктелді. Оның үстіне, брокер-дилерлер үшін өздерінің клиенттерінің алдында ақпараттарды шарт жасасудан бұрын ашу жөніндегі м і н д е т б е л г і л е н д і .

Жоғарыда айтылғандардың бәрі Бағдарламаны іске асыру аяқталған кезде Қазақстанда қажетті және саны мен сапасы бойынша жеткілікті брокер-дилерлер корпусы қалыптасқанын растауға мүмкіндік береді.

3.1.2. Тіркеушілер

1998 жылдың басында Қазақстанда Ұлттық комиссияның бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларына ие тек 4 ұйым (1997 жылғы 1 сәуірде - 21) ғана болды. 1997 жылдың ішінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін жеке капиталының жеткіліктілігінің ең төменгі деңгейіне қойылатын талаптың енгізілуіне қарамастан 1998 жылдың басында 34-ке жеткен тіркеушілер санының серпінді өсуі байқалды. Алайда, оған сәйкес, егер мұндай ұстаушылардың саны 500-ден аспайтын жағдайда ғана бағалы қағаздардың эмитенті оларды ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізуге құқылы болатын "Бағалы қағаздардың рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы нормасы оған ы н т а л а н д ы р у ш ы л а р д ы ң бірі болды.

1998 жылдың жазында тіркеушілердің жеке капиталының жеткіліктілігінің ең төменгі деңгейіне қойылатын талап үш есе (10.000 айлық есепті көрсеткіштен 30.000 дейін) өсті және 1998 жылдың 1 қазанына дейін аталған көрсеткішке жетудің мерзімі белгіленді. Одан басқа, тіркеушілер үшін олардың бағдарламалық-техникалық кешендері кемінде 100.000 жеке шоттарды қолдауы тиістігі туралы міндетті норма белгіленді. Кейінірек, ықтимал ӨРҰ ретінде ҚТҰҚ-ны қолдау мақсатында оның мүшелеріне жеке капиталының ең төменгі мөлшеріне жету үшін жарты жылдық уақыт берілді.

Аталған шара 1998 жылы тіркеушілер санының айтарлықтай қысқаруы болмауы себептерінің бірі болуы мүмкін. 1999 жылдың басындағы жағдай бойынша олардың саны 32-ні құрады. Тіркеушілердің қызметіндегі ең оң жағымды факті олар қызмет көрсететін эмитенттер санының 1998 жылғы 1 сәуірдегі 1.457-ден 1999 жылғы 1 қандардағы 2.364-ке дейін артуы болып табылады.

Келтірілген сандардың позитивтілігі бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін мамандандырылған ұйымдардың жүргізуі инвесторларды эмитенттердің мүмкін болатын "адал емес" ұмтылыстарынан қорғаудың деңгейін арттыратындығында болып отыр.

3.1.3. К а с т о д и а н д а р

Ұлттық комиссия екінші деңгейдегі банктерге кастодиандық қызметті (клиенттердің сеніп тапсырған бағалы қағаздары мен ақшаларының сақталуын және олардың есебін қамтамасыз ету жөніндегі) жүзеге асыруға арналған алғашқы 4 лицензияны 1997 жылы берді. Бағдарламаны іске асыру барысында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдар үшін жеке капиталының жеткіліктілігінің ең төменгі деңгейіне қойылатын талаптың бірнеше мәрте өзгергендігін атап өткен жөн. Егер, 1997 жылы көктемде қолдануға енгізілген бастапқы талап 200.000 айлық есепті көрсеткішті құраса, одан кейін 1997 жылғы қыркүйекте инвесторлардың - бірінші кезекте, жинақтаушы зейнетақы қорларының қорғалу дәрежесін арттыру мақсатында ол 1.250.000 айлық есептік көрсеткішке дейін арттырылды, ал содан кейін 1998 жылғы ақпанда бір миллиард теңгенің деңгейінде белгіленді.

Қазақстанда 1999 жылдың басында олардың 5-і жинақтаушы зейнетақы қорларына қызмет көрсететін барлығы 9 кастодиан (оның ішінде МЖЗҚ-ға қызмет көрсететін Ұлттық Банк) болды.

3.1.4. З А Б К

ЗАБК-ні жинақтаушы зейнетақы жүйесінің маңызды элементі болып табылады және сондықтан да оған мемлекеттік реттеудің қиындатылған рәсімі қолданылады. Егер, басқа бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыларға қатысты лицензиялаудың

екі сатылы рәсімі - қызметкерлерді аттестациялау, содан кейін қаржы институтын тікелей лицензиялау қолданылса, ЗАБК-ге басшы қызметке кандидатураларды келісу сияқты қосымша рәсім қолданылады.

ЗАБК құруды және оның қызметін реттейтін негізгі заңдардың базасы 1997 жылы әзірленгендігіне және қабылданғандығына қарамастан алғашқы ЗАБК тек 1998 жылғы ақпанда ғана (Ұлттық Банктің 1998 жылғы қаңтарда лицензия алған МЗЖҚ-ның инвестициялық басқарушысы ретіндегі есепке алуынсыз) пайда болды.

1998 жылдың ішінде ЗАБК санының 1999 жылы жинақтаушы зейнетақы қорларының қажеттілігін жапқан 8-ге жеткен тез өсуі байқалды.

Ұлттық комиссия 1998 жылғы наурызда зейнетақылық активтерді басқаруға арналған шығасыларды қысқарту мақсатында ЗАБК-ге 5 ЗАБК пайдаланған бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға рұқсат ететін шешім қабылдады. 1998 жылдың IV тоқсанында осындай үш лицензияның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылғандығын атап өткен жөн. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі басталған процесті жалғастырып, 1998 жылғы мамырда ЗАБК-ге мемлекеттік бағалы қағаздардың рыногында Бастапқы дилердің функцияларын орындауға шарттар жасасуға рұқсат берді, ол үшін Ұлттық комиссия Тиісті қорытындылар-ұсынымдар берудің тәртібін арнайы бекітті. Алайда 1998 жылы көрсетілген шарттар жасалмады.

1998 жылғы қазанда қолданылып жүрген заңдар нормаларының бұзылуына байланысты бұрын "АТК" зейнетақылық активтерді басқару жөніндегі компания" ЖАҚ-на (мұндай лицензия алған алғашқы мемлекеттік емес ұйым болған) берілген лицензияның қолданылуы тоқтатылды. Алайда, пысықталған нормативтік базаның арқасында бұл факті аталған ЗАБК қызмет көрсеткен МЕЖЗҚ-лардың зейнетақылық активтері лицензиялар кері қайтарылып алынғанға дейін басқа ЗАБК-лерге инвестициялық басқаруға берілгендіктен жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жағдайына әсер етпеді. Кейінірек, 1998 жылдың көктемінде "АТК" зейнетақылық активтерді басқару жөніндегі компаниясы" ЖАҚ-на берілген лицензиялар кері қайтарылып алынды.

3.2. Техникалық инфрақұрылым

Бағдарламаға сәйкес қазақстандық бағалы қағаздар рыногының техникалық инфрақұрылымдарының негізін оның бірінші кезеңінің (1997 жылдың 1 сәуірі) аяқталуы мерзіміне Орталық депозитарий мен қор биржасы құрауы тиіс болды. Орталық депозитарийға депозитарлық-есеп айырысу жүйесінің негізгі үйлестіруші буынының функциясы, ал қор биржасына - мәмілелер жасасу жүйесінің функциясы жүктелді. Есепті кезеңде Қазақстанда негізінен "Отыздың тобының" ұсынымдарына (бағалы қағаздар рыноктарында есеп айырысу саласындағы іс жүзіндегі дүниежүзілік стандартқа) сәйкес келетін және Орталық депозитарий мен KASE ұсынған техникалық

3.2.1. Орталық депозитарий

1997 жылғы қаңтарда "Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығын жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 желтоқсандағы N 1538 P961538_ қаулысын орындау үшін қорытындысы 1997 жылғы 3 ақпанда шығарылған аралық депозитарлық - есеп айырысу жүйесін құру жөнінде тендер жарияланды. Ұлттық Банк пен KASE-нің олардың техникалық базасын, атап айтқанда Орталық депозитарийді құру үшін мекен-жай мен бағдарламалық техникалық қамтамасыз етуді пайдалану жөніндегі бірлескен ұсынысы тендердің жеңімпазы болып танылды. Бағалы қағаздар рыногының 29 кәсіби қатысушысы құрған Орталық депозитарий заңды тұлға ретінде "Бағалы қағаздарының орталық депозитарийі" ЖАҚ деген атаумен 1997 жылғы 18 шілдеде тіркелді. Орталық депозитарий өзінің жұмыс істеуі барысында бастапқыда, 1997 жылдың көктемінде 10.000 айлық есепті көрсеткіштің мөлшерінде белгіленген, содан кейін 1998 жылдың жазында оған 1998 жылғы 1 желтоқсанда жету арқылы 50.000 айлық есепті көрсеткішке арттырылған өз капиталының жеткіліктілігі бойынша өзіне қойылған талапты толық және уақтылы о р ы н д а д ы .

Орталық депозитарий 1999 жылдың басында мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша "депо" 1.108 және мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша 1998 жылдың басындағы тиісті көрсеткіштен төмен (1918 және 35) 58 шотын жүргізеді, бұл Ресейде дағдарыс басталғаннан кейін күтіліп отырған теңгенің девальвациясы жағдайында кәсіби емес инвесторлардың мемлекеттік бағалы қағаздар рыногына мүддесінің төмендегендігін т ү с і н д і р е д і .

Орталық депозитарий мемлекеттік бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша, сондай-ақ KASE-нің негізгі сауда алаңында жасалған (тоқтаусыз қарсы аукцион әдісін пайдалану арқылы) мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысуды теңгемен және бағалы қағаздармен жүзеге асыратын бірден-бір ұйым болып табылады. Оның үстіне, Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының еурооблигациялары бойынша сауда-саттық күні аталған бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін субдепозитарийдің функцияларын орындайды. Қазіргі уақытта Орталық депозитарий бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысу кезінде есеп айырысулар қарсы талаптар мен міндеттемелерді есепке алу мүмкіндігінсіз "әр мәміле жеке" принципі бойынша жүргізілетін "бруттоны" - есеп айырысу жүйесін ғана пайдаланады.

Қазіргі кезде Орталық депозитарийдің өз филиалдары мен трансферагенттері жоқ.

3.2.2. Қор биржалары

1997 жылдың басында Қазақстанда үш қор биржасы: ОАҚБ, KASE және ҚХҚБ

болды. 1996 жылғы 14 желтоқсанда "Бағалы қағаздармен биржалық сауда-саттықтарды жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 1538 қаулысымен модельдік қор биржаларын іріктеу жөнінде тендер жарияланды. Аталған тендерге қатысудың шеңберінде KASE мен ҚХҚБ 1996 жылғы 24 желтоқсанда KASE акцияларының бастапқы құнын төмендетуге, KASE-нің құрамынан акционерлік қоғам - шетелдік валюталар бойынша сауда-саттықтарды ұйымдастырушыны бөлуге, ҚХҚБ акционерлерінің KASE-нің акцияларын сатып алуына және кейін ҚХҚБ-ның қызметін тоқтатуына негізделген бірігу туралы Биржалар кеңесінің бірлескен шешіміне қол қойды. Аталған шешім ескеріле отырып KASE мен ҚХҚБ бірлестігі 1996 жылғы 31 желтоқсанда тендердің жеңімпазы болып танылды.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен 1997 жылғы наурызда қор биржаларына жаңа талаптар енгізілді. Осылайша, біріншіден, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар ғана қор биржаларының акционерлі бола алатындығы, екіншіден, қор биржасының өзге биржалардың функцияларын орындауға құқығы жоқтығы және үшіншіден, қор биржасының кемінде он мүшесі - бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы болуы керектігі белгіленді. Одан басқа, 1997 жылғы күзде Ұлттық комиссия қор биржасы ретінде қызметті жүзеге асыру үшін қажетті өз капиталы жеткіліктілігінің кемінде 50.000 айлық есепті көрсеткіштің мөлшеріндегі ең төменгі деңгейін белгіледі.

1998 жылдың басында Қазақстанда ҚХҚБ-ның бағалы қағаздар рыногында биржалық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы аталған биржаның қолданылып жүрген заңдардың жоғарыда көрсетілген талаптарын сақтамауына байланысты кері қайтарылып алғандықтан, екі қор биржасы - ОАҚБ мен KASE жұмыс істеді. Одан әрі ОАҚБ-ның лицензиясының қолданылуы 1998 жылғы ақпанда бастапқыда 30 күнге тоқтатылды, ал содан кейін 1998 жылдың наурызында лицензия кері қайтарылып алынды. Екі шешім үшін ОАҚБ-ның қолданылып жүрген заңдардың талаптарын, атап айтқанда өз капиталының ең төменгі деңгейі мен акционерлердің құрамын сақтамауы негіз болды.

1998 жылы жазда KASE шын мәнінде Қазақстанда биржадан тыс рыноктың көшірмелі ұйымның құру проблемасын шешкен тікелей көшірмелеу әдісі бойынша листингтік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу үшін арналған сауда жүйесін іске қосты.

Осылайша, Бағдарламаны іске асыру барысында 1999 жылы Қазақстанда бағалы қағаздармен мәмілелерге тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін бірыңғай орталықтандырылған сауда-есеп айырысу жүйесі қалыптасты. Бұл ретте "Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы 1999 жылдың көктемде KASE мен бұрын KASE-нің құрамынан бөлінген "Алматы қаржы құралдары биржасы" ЖАҚ-ның (AFINEX) бірігуіне әкеп

соққан қор биржасына тек бағалы қағаздармен ғана емес басқа да қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыруға рұқсат ететін норманы енгізді. Оның үстіне KASE-ні Үкімет акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату жөніндегі сауда алаңы ретінде деп а й д а л а н а д ы .

1999 жылдың басында KASE-нің ресми тізімдеріне 18 эмитенттердің 31 бағалы қағазы, листингтік емес компаниялардың тізімі бойынша 19 эмитенттердің 30 бағалы қағаздары кірді. Одан басқа, KASE-нің сауда жүйесінде акциялардың 41 мемлекеттік пакеті сатуға жарияланды. 46 брокер-дилер, олардың 20-ы екінші деңгейдегі банктер, ал 26 - банктік емес ұйымдар KASE-нің мүшесі болып табылады.

KASE коммерциялық емес ұйым болып табылатындықтан ("Бағалы қағаздардың рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңында белгіленгендей), ал KASE-ні басқаруды биржаның мүшелері жүзеге асыратындықтан KASE-нің комиссияндық алымдары төменгі ставкаларымен ерекшеленеді. Осылайша, мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша комиссияндық алымдар есептелмейді, ал жекешелендірілетін ұйымдардың мемлекеттік емес бағалы қағаздарымен және акцияларының мемлекеттік пакетімен мәмілелер бойынша мәміленің сомасының 0,1 %-ін ғана (сатып алушыдан), бірақ Орталық депозитарий аталған мәміле бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруы бойынша көмек көрсеткені үшін KASE-ден алатын комиссиялық сыйақының сомасынан кем еместі құрайды.

3.3. Бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу және бағалы қағаздарға меншік құқықтары мен өзге де заттық құқықтарды р а с т а у

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы заңдарында айқындалған қазақстандық қор рыногы инфрақұрылымының дизайны бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді және бағалы қағаздарға меншік құқықтары мен өзге де заттық құқықтарды растаудың жүйесін құрудың мынадай негізгі п р и н ц и п т е р і н :

- оған сәйкес бағалы қағаздардың есебі тек бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде ғана емес, өз кезегінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде нығайтылған жеке шоттары болатын бастапқы ұстаушылардың (I санаттағы брокер-дилерлердің, кастодиандардың және Орталық депозитарийдің) "депо" шоттарында да жүргізілетін бағалы қағаздарды бастапқы ұстау принципі;

- Орталық депозитарийдің бағалы қағаздардың тікелей иелерінің емес (олар бағалы қағаздардың меншік иесі болып табылатын жағдайда сол I санаттағы брокер-дилерлер мен кастодиандарды қоспағанда) тек бастапқы ұстаушылардың (I санаттағы брокер-дилерлердің және кастодиандардың) "депо" шоттарын жүргізу принципі;

- аталған мәміле сауда жүйесінде бағалы қағаздармен сауда-саттықтарды

ұйымдастырушымен немесе мәміленің екі тарамымен шоттарды ("депо" шоттарын немесе жеке шоттарды) жүргізетін ұйыммен (немесе мәміленің тараптарына қызмет көрсететін бастапқы ұстаушылармен) бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеудің п р и н ц и п і ;

- атаған инвестордың шотын ("депо" шоттарын немесе жеке шоттарды) жүргізетін ұйымның бағалы қағаздарға меншік құқықтары мен өзге де заттай құқықтарын растау п р и н ц и п і н б е л г і л е д і .

Көрсетілген принциптер бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу және бағалы қағаздарға меншік құқықтары мен өзге де заттай құқықтарды растау процестерінің жоғары шапшаңдығы мен төмен өзіндік құнын қамтамасыз етеді.

4 бөлім

Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жетілдіру

Аталған бағыттың негізгі міндеті Қазақстанда оны мемлекеттік реттеуді толық мөлшерде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағалы қағаздар рыногын дамыту процесін бақылаудың пәрменді жүйесі мен оны басқаруды құру болды.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңы Қазақстандық бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеудің құрылымын айқындайтын негізін салушы заң актісіне айналды. Аталған заңға сәйкес бағалы қағаздар рыногындағы қатынастарды реттеу жөніндегі мемлекеттік органға мынадай реттеуші функциялар берілді:

1) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың, бағалы қағаздар мен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың және ӨРҰ-ның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді шығару;

2) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеу және эмитенттердің оларда көзделген шарттар мен міндеттемелерді сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

3) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қызметін лицензиялау;

4) қор биржалары мен бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға кесуші ұйымдарының қызметін лицензиялау;

5) бағалы қағаздар рыногына инвесторлардың құқықтарын қорғау және эмитенттер мен бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың олардың құқықтарын сақтауын бақылау жүйелерін құру;

6) бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қызметін бақылау және қолданылып жүрген заңдарды бұзғаны үшін оларға тиісті санкциялар қолдану;

7) бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарды бұзған адамдарды анықтау және оларды жауапқа тарту жөнінде шаралар қабылдау;

8) бағалы қағаздар рыногына қатысушылардың кәсіби және білім деңгейін көтеру жөніндегі жүйені ұйымдастыру.

1996-1997 жылдары Ұлттық комиссияның бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу органы ретіндегі өкілеттігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 наурыздағы N 370 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережемен айқындалды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 Жарлығымен оның Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағыныстағы және есеп беретін және Үкіметтің құрамына кірмейтін мемлекеттік орган ретіндегі мәртебесі расталған Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы жаңа ережесі бекітілді. Жаңа Ережеде Ұлттық комиссияны ұйымдастырудың үш деңгейлік жүйесі - Комиссия, директорат, орталық аппарат енгізілді. Бұл ретте, Комиссия тек Ұлттық комиссияның төрағасы мен үш атқарушы директорын ғана емес Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінен, сондай-ақ Ұлттық Банктен бір-бірден өкілді қамтиды.

Бюджеттік шектеулерге орай 1997 жылғы 1 сәуірге дейін Қазақстанның бес қаласында - Астанада, Қарағандыда, Павлодарда, Ақтөбеде, Шымкентте Ұлттық комиссияның атқарушы аппаратының аймақтық бөлімшелерін құруды көздейтін іс-шаралар орындалмай қалды.

Бағдарламаны іске асырудың шеңберінде 1999 жылғы 1 қаңтарға қалыптастырылған бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу жүйесін жеткілікті мөлшерде тиімді деп сипаттауға болады. Алайда, қазіргі сатысында қазақстандық бағалы қағаздар рыногының дамуы айқын және оның басты кемшіліктері мыналар болып табылады:

- Ұлттық комиссияның бағалы қағаздар рыногына кәсіптік қатысушылардың қызметін реттеу жөніндегі құқықтық мұрагерлік өкілеттіктерінің шектелуі. Ұлттық комиссия бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыларға қатысты бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыруға өкілеттігі бола отырып, лицензияларды тоқтата тұруды немесе кері қайтарып алуды қоспағанда, оларға қатысты тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдауда шектеулі. Яғни, егер кәсіби қатысушы қызметтің белгіленген ережелерін бұзуға жол берсе, онда ең әрі дегенде Ұлттық комиссия оған берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұрады. Анықталған жолсыздық жойылған жағдайда лицензиялардың қолданылуы қалпына келтіріледі және нәтижесінде оны бұзушы іс жүзінде ешқандай материалдық жауапкершілік алмайды;

- эмитенттердің қызметін олардың бағалы қағаздарды шығару және оларды ұстаушылардың құқықтарын сақтау жөніндегі заңдардың нормаларын бұзуы бөлігінде мемлекеттік реттеудің тиімсіздігі. Ұлттық комиссияның эмитенттердің қызметін реттеу

бухгалтерлік есепті жүргізуге көшуінің құқықтық негізіне айналды. Бухгалтерлік жүйені реформалаудың бұл кезеңі 1998 жылы аяқталуы тиіс еді.

Екінші деңгейдегі банктерге келер болсақ, олардың Бухгалтерлік есептің жаңа шоттарына көшуі 1996 жылдың сәуірінде басталды және 1997 жылдың тамызында аяқталды. Бастапқыда "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары туралы" Ұлттық Банк басқармасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 237 қаулысына екінші деңгейдегі банктердің Шоттардың жаңа жоспарына көшуін 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін аяқтау көзделді. Алайда, кейіннен бұл мерзім 1997 жылдың 1 тамызына дейін ұзартылды.

6 бөлім

Бағалы қағаздар рыногының өзін-өзі реттеуі

Бағдарламаның аталған бағытында олардың мүшелерінің тиімді қызмет жағдайын қамтамасыз етуге және олардың қор рыногында этиканың нормаларын сақтауына, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың мүдделерін қорғауға, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қызметін реттеуге бағытталған ӨРҰ-ның қызметін дамыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру көзделді.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңында ӨРҰ-ның екі нысаны - бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың ассоциациясы мен қор биржасы көзделді. Ұлттық комиссия 1997 жылдың ішінде ӨРҰ-ның қызметін лицензиялау және реттеу жөніндегі қажетті нормативтік құқықтық базаны қалыптастырды.

Қазақстанда 1999 жылдың басында мәртебесі ӨРҰ сияқты заң деңгейінде белгіленген тек бір ӨРҰ - KASE ғана жұмыс істейді. Алайда ӨРҰ ретіндегі KASE-нің жұмысы қор биржасының реттеуші ролі тек биржалық сауда-саттықтар мен олармен байланысты рәсімдерге ғана қолданылатын болғандықтан неғұрлым шектеулі.

Бағдарлама аяқталар кезде Қазақстанда ӨРҰ-ның лицензиясын алуға үміткер 2 бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың ассоциациясы: БДҚ мен ҚТҰҚ б о л д ы .

1996 жылғы шілдеде құрылған БДҚ 1999 жылдың басында бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар 32 ұйымнан, оның ішінде 25 банктік емес ұйымдардан және 7 екінші деңгейдегі банктерден тұрды. Алайда, 1999 жылдың көктемінде қор рыногындағы стагнациядан әлсіреген БДҚ-ның мүшелері оның орнына консорциялық келісім жасасып және аталған келісімнің жұмыс органының функцияларын KASE-ге жүктеп, БДҚ-ны тарату

туралы шешім қабылдады. БДҚ-ның кеңесші-консультативтік функциялары 1999 жылдың көктемінде құрылған және құрамына бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың неғұрлым белсенді және білікті өкілдері енген Ұлттық комиссияның жанындағы Сараптамалық кеңеске ауысты.

ҚТҰҚ 1998 жылғы маусымда құрылды. 1999 жылғы 1 қаңтарда оның құрамына 17 тіркеушілер кірді.

7 бөлім

Бағалы қағаздар рыногының кәсіби мамандарын даярлау жүйесі

Бағдарламаның аталған бағытын іске асырудың негізгі мақсаты бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі оқу орталықтарының желісі мен жоғары оқу орындарының экономикалық факультеттерінде бағалы қағаздар рыногы үшін білікті кадрлар даярлау жөніндегі мамандандырылған бөлімдер ашуды қамтитын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыларды даярлаудың жүйесін құру болды. 1999 жылдың басында Ұлттық комиссия мынадай аспектілерде бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушыларды даярлау жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық база :

- оқу орындарына үш санат:
 - бірінші - брокерлік, дилерлік қызмет;
 - екінші - бағалы қағаздар мен мәмілелерді тіркеуге байланысты қызмет;
 - үшінші - бағалы қағаздардың портфелін басқару жөніндегі қызмет бойынша бағалы қағаздар рыногына мамандарды оқытуға рұқсаттар берудің тәртібін;
- бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды даярлаудың тәртібін;
- бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды даярлау жөніндегі курстардың тыңдаушылар аттестациялаудың және біліктілік куәліктерін берудің, аталған куәліктің пайдаланылуын бақылаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және кері қайтарып алудың тәртібін қалыптастырды.

1999 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстанда Ұлттық комиссияның 6 - бірінші санат бойынша, 6 - екінші санат бойынша, 3 - үшінші санат бойынша мамандарды даярлауға арналған рұқсатына ие, барлығы 7 оқу орталығы жұмыс істейді. Көрсетілген күнге аттестацияланған мамандардың жалпы саны 3681-ді, оның ішінде бірінші санат бойынша - 2200 маманды, екінші санат бойынша - 1329 маманды, үшінші санат бойынша - 152 маманды құрады. Бағдарламаны іске асыру барысында даярланған мамандардың жалпы саны бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің білікті кадрларға

қажеттілігін

қамтамасыз

етті.

1997 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясы "Банк ісін ұйымдастыру" кафедрасының жанында "Қор ісі мен биржалық рынок" мамандықтары бойынша мамандарды даярлау жүргізіліп келеді.

8 бөлім

Бағалы қағаздар рыногын дамытуды ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құру

Аталған бағыттың шеңберінде бағалы қағаздар рыногын дамытуды:

- Ұлттық комиссияның бағалы қағаздардың тіркелген эмиссиялары туралы, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар туралы, оларға лицензиялар беру туралы не мұндай лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және оларды кері қайтарып алу туралы мәліметтерді ашық, ұдайы және толық жариялауы;

- эмитенттерге олардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін егжей-тегжейлі ашып көрсететін есептерді, сондай-ақ олар білдіретін бағалы қағаздардың бағасына ықпал етуге қабілетті кез келген өзге де мәліметтерді міндетті түрде мерзімді жариялау туралы талап қою, көрсетілген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау жүйесін орнату;

- қор биржаларына сауда-саттықтарда белгіленген бағалы қағаздардың келісілген бағаларын және қалыптасқан дүниежүзілік практикаға сәйкес өзге де ақпараттарды міндетті түрде толық жариялау туралы талап қою;

- бағалы қағаздар рыногының дамуын сипаттайтын қорлық индекстер мен көрсеткіштердің жүйесін құру;

22) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 14 қаңтарда 665-нөмірмен тіркелген "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың жарғылық капиталы туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 20 қарашадағы N 16 қаулысы;

23) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген "Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған мемлекеттік бағалы қағаздарға есеп жүргізудің уақытша тәртібі туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 24 қарашадағы N 198 қаулысы;

24) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1998 жылғы 5 қазандағы N 158 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 02 желтоқсандағы N 203 қаулысы;

25) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген "Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған Қазақстан Республикасының мемлекеттік халықаралық бағалы қағаздарына есеп жүргізудің уақытша тәртібі туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 8 желтоқсандағы N 209 қаулысы (Қазақстан Республикасы Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігімен келісілген);

26) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметінің кейбір шарттары туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 11 желтоқсандағы N 210-1 қаулысы;

27) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 8 қаңтарда 661-нөмірмен тіркелген "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 14 желтоқсандағы N 18 қаулысы;

28) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1998 жылғы 7 қазандағы N 162 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 217 қаулысы;

29) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың құрылтай құжаттарын ұстау туралы жаднамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 218 қаулысы;

4. Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау мәселелері бойынша

1) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген, "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі тыңдаушыларды аттестациялау туралы" және "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуға рұқсат беру тәртібі туралы" Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 2 қазандағы N 116 қаулысы.

Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 151 қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау тәртібі туралы ереженің" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 қаңтарда 250-нөмірмен және "Мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін оқытуға оқу орталықтарына рұқсат беру тәртібі туралы ереже" 1997 жылғы 27 қаңтарда 252-нөмірмен тіркелгеннен кейін күшіне енгізілуіне байланысты күші жойылды;

2) Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 151 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 қаңтардағы 250-нөмірмен тіркелген "Мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін оқытуға оқу орталықтарына рұқсат беру тәртібі туралы ереже";

3) Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 151 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 қаңтардағы 252-нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау тәртібі туралы ереже"

Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 2 қыркүйекте N 138 қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі туралы ереже" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 20 қазанда 406-нөмірмен тіркелгеннен кейін күшіне енгізілуіне байланысты күші жойылды;

1) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген, "Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 151 қаулысымен бекітілген "Мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін оқытуға оқу орталықтарына рұқсат беру тәртібі туралы ережеге" өзгерістер енгізу туралы" Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 28 ақпандағы N 3 2

қ а у л ы с ы .

2) "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның қаулылары мен нормативтік актілерінің күші жойылған деп тану туралы" Ұлттық

комиссияның 1998 жылғы 10 көкектегі N 3 қаулысының қабылдауына байланысты
к ү ш і ж о й ы л д ы ;

3) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 2 маусымдағы N 80 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 04 тамызда 342-нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын оқу орталықтарының ішкі құжаттар айналысын жүргізу тәртібі туралы н ұ с қ а у " ;

4) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 2 қыркүйектегі N 138 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 20 қазанда 406-нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлаудың, берілген біліктілік куәліктерінің пайдаланылуына бақылау жасаудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және қайтарып алудың тәртібі туралы ереже".

Ұлттық комиссияның 1999 жылғы 23 ақпандағы N 26 қаулысымен бекітілген "Аттестациялық қағидалар" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 1 сәуірдегі 721-нөмірмен тіркелгеннен кейін күшіне енгізілуіне байланысты
к ү ш і ж о й ы л д ы .

5. Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін лицензиялау және реттеу мәселелері бойынша

1) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 159 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 390-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасындағы қор биржаларының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы ереже";

2) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 152 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 391-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасындағы биржадан тыс рыноктың баға кесу ұйымдарының қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы ереже";

3) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген "Бағалы қағаздармен саудаластықтар ұйымдастырушылардың күнделікті есеп берушілігі туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 27 ақпандағы N 36 қаулысы;

4) Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 17 наурызда 707-нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидалары".

6. Инвестициялық қорлардың және бағалы қағаздар портфелін басқарушылардың қызметін лицензиялау және реттеу бойынша

1) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 26 маусымдағы N 90 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 қазанда 380-нөмірмен тіркелген "Инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р " ;

2) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 22 шілдедегі N 105 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 тамызда 358-нөмірмен тіркелген "Қайта ұйымдастырылған инвестициялық жекешелендіру қорларының жарғылық капиталдарының мөлшерін айқындау тәртібі туралы ереже";

3) Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 12 маусымдағы N 7 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 528-нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялаудың у а қ ы т ш а е р е ж е л е р і";

4) Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 12 маусымдағы N 7 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 529-нөмірмен тіркелген "Инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялаудың у а қ ы т ш а е р е ж е л е р і " ;

5) Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 12 маусымдағы N 7 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 530-нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеудің және қолданудың т ә р т і б і т у р а л ы у а қ ы т ш а н ұ с қ а у л ы қ".

7. Басқа мәселелер бойынша

1) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген, Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 31 қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар рыногындағы қаржы тәуекелдерін сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру компанияларына қойылатын т а л а п т а р " ;

2) Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 23 сәуірдегі N 36/1 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде 1996 жылғы 27 шілдеде 189-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Т ө р е л і к а л қ а с ы т у р а л ы е р е ж е ";

3) Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 40 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 23 тамызда 194-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тексерістер жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық";

4) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 12 мамырдағы N 47 қаулысымен бекітілген "Занды және жеке тұлғалардан жекелеген төлем түрлерін алудың тәртібі және мөлшері туралы ереже".

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулылары мен нормативтік актілерінің күші жойылған деп тану туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 10 сәуірдегі N 3 қаулысының қабылдауына байланысты күші ж о й ы л д ы ;

5) Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 17 мамырдағы N 53 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде 1996 жылғы 14 тамызда 192-нөмірмен тіркелген "Басқа мемлекеттердің эмитенттері шығарған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу туралы ереже";

6) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 10 қаңтардағы N 7 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 ақпанда 265-нөмірмен тіркелген "Сараптау кеңесі туралы ереже".

"Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының жанындағы Сараптау кеңесі туралы ережені бекіту туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1999 жылғы 31 наурыздағы N 269 қаулысының қабылдануына б а й л а н ы с т ы кү ш і ж о й ы л д ы ;

7) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 ақпанда 44-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тексерістер жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 21 ақпандағы N 24 қ а у л ы с ы ;

8) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген Ұлттық комиссия Директоратының "Акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталдарындағы мемлекеттік үлесті" мөлшерін салыстырып тексеру" 1998 жылғы 25 маусымдағы N 94 қаулысы;

9) қабылданған сәттен бастап күшіне енгізілген, Ұлттық комиссия

Директоратының 1998 жылғы 26 маусымдағы N 103 қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар мен рұқсаттардың мемлекеттік тізілімін жүргізу жөніндегі нұсқаулық";

10) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 9 ақпанда 680-нөмірмен тіркелген ""Аффилиирленген тұлға" ұғымын қолданудың практикасы туралы" Ұлттық комиссия; Директоратының 1998 жылғы 26 қазандағы N 181 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 27 мамырдағы
N 658 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының 1999-2000 жылдарға арналған
бағалы қағаздар рыногын дамыту
Бағдарламасы

Кіріспе

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар рыногын дамытудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарының 3.3.3.6 -тармағына сәйкес әзірледі. Бағдарламаның негізгі ережелері 1999 жылғы 12 мамырда Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысында талқыланды және сонда мақұлданды.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 мамырдағы N 608 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногын дамытудың бұрынғы бағдарламасымен сабақтастық принципіне сүйеніп, бұрынғы Бағдарламаны іске асыру барысында анықталған проблемаларды ескере отырып жасалды.

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар рыногының 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасында Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржы дағдарысына (кейіннен дамушы рыноктардың ғаламдық қаржы дағдарысына (emerging market) ұласқан) әкеп соққан себептері талдаудың тұжырымдары ескерілді, олардың ішінде бағалы қағаздар рыногына тікелей қатысты мыналарды айрықша атап көрсету қажет:

1. Мыналардан:

- нақты экономика қажеттілігіне пропорциональды емес және оның жылжымайтын мүлік және капитал рыноктары сияқты алыпсатарлық секторларына бағытталған несиелік даурықпадан;

- бағалы қағаздардың артықшылықты алып-сатарлық сипатынан;
- капиталды жеткілікті түрде тиімді пайдаланбаудан;
- бағалы қағаздар рыногындағы шетелдік қатысушылардың тым жоғары үлесінен туындайтын шетелдік капиталдың ағымына бағдар ұстау.

2. Инвесторлардың өте төмен дәрежеде қорғалуы, оның ішінде:

- ақпарат ашудың деңгейі;
- корпоративтік басқарудың тиімсіз рәсімдері.

3. Банктік несиеге біржақты бағдар ұстау және борыштық бағалы қағаздар рыногының жеткіліксіз дамуы.

Көптеген сарапшылардың пікірінше аталған себептер мынадай тұрғыда пайда болды: ауқымды капитал ағымына арналған ортаның жеткіліксіз дамуы (әлсіз корпоративтік басқару, бірдей емес реттеу және қадағалау, сондай-ақ әлсіз фискальды саясат және капитал ағымын тазалау) несиелік даурықпаға әкелді. Болып отырған құрылымдық жетімсіздіктер осы даурықпаны бекітті және оның жылжымайтын мүлік рыногы сияқты өтімсіз (сатылмайтын) секторы бағытына әкелді. Қатаң айырбас бағамына қатысты режим жағдайындағы капитал ағымы макроэкономикалық деңгейде, тазалау болмаған кезде, ақша агрегаттарының өсуіне әкелді. Бұл өз кезегінде экономикалық қызметті, инфляциялық болжамды және нақты айырбас бағамын сусындатты. Сонымен қатар шығынды өтімділік тағы да рынокқа бағыт алды және осы "сабын көпіршігінің" өсуіне әкеп соқты. Несиелік даурықпа, капиталды тиімсіз пайдалану, әлсіз монетарлық саясат және капитал ағымнан туындаған активтер бағасының "сабын көпіршігі" ұлттық валютамен көрсетілген экономиканың өсуіне әкелді. Бұл ретте капиталдың кенеттен болған кері ағысынан макроэкономиканың тәуелділігі өсті. Бұл шеңбер "триггер" (қандай да болмасын сыртқы серпу) оқиғасы болғанға дейін созылды және инвесторлар өздерінің рынок жөніндегі портфельдерін қайта қарай бастады (елдер бойынша да - активтер бойынша да). Дегенмен осы кезеңде макроэкономика осы соққыны тойтаруға қабілетсіз болды, сөйтіп, дағдарыс басталды.

1. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар рыногын дамытудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі "Бағдарлама" деп аталады) оның барлық қатысушылары - эмитенттерге, кәсіпқой қатысушыларға, инфрақұрылымның субъектілеріне, инвесторларға қатысты мемлекеттің прагматикалық және ойластырылған саясатын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама бағалы қағаздар рыногын жандандыру және оның көлемін ұлғайту қара бастың қамы болып табылмайды дегенге сүйенеді. Алыпсатарлық рыноктар құрған көптеген дамушы елдер жіберген, банктік жүйелердің дағдарысымен күшейтілетін күйзелісі жалпы экономикалық дағдарысқа әкеп соғатын қателерді қайталамау керек. Қалыптасқан жағдаят ішкі бағалы қағаздар рыногын қалыптастырудағы шетелдік портфельдік инвестициялардың рөлін қайта қарауға әкеп соғады. Енді әлемдік алыпсатарлықты құрайтын капитал ағымын және оның инвестициялық бөлігін шектеуге тура келеді. Тиісінше ішкі бағалы қағаздар рыногының, ең алдымен ішкі инвесторлардың мүмкіндіктеріне пропорциональды халықаралық капиталдың қатысуына шектеуді қатаң сақтау керек.

Бағдарламаның мақсаты: бағалы қағаздар рыногын нақты экономикаға портфельдік инвестициялар тарту мақсатында қажетті жағдайлар жасай отырып ішкі жинақ ақшаларды және әлеуетті шетелдік инвесторлардың қаражатын жұмылдырудың және

қайта бөлудің аса тиімді механизмі ретінде жүргізу. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында бағалы қағаздарға жеткілікті сұранысты туғызу үшін де және оған тиісті бағалы қағаздарға ұсынысты туғызу үшін де жағдайлар жасалу керек. Бағалы қағаздарға сұранысты ұстап тұру да және өсіру де бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтары және заңмен қорғалатын мүдделерін, әсіресе төлем тәртібін (бағалы қағаздар бойынша кірістерді төлеу және оларды өтеу шарттары), корпоративтік басқару нормаларын және тиісті ақпарат ашу деңгейін сақтау бөлігінде эмитенттердің қатаң сақтаулары арқылы қамтамасыз етілуі керек.

Бағдарламаның міндеттері мыналар болып табылады:

1. Ішкі ақша жинақтарын және инвестицияларды көбейту үшін ұжымдық инвестиция нысандарын дамытуға және шетелдік айла-шарғылы инвесторларды азайтуға негізі тірек жасай отырып қажетті жағдайлар туғызу.

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді капитал тарту үшін бағалы қағаздар рыногына шығуға ынталандыратын және итермелейтін механизмдерді енгізу.

3. Инвесторлардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін эмитенттердің сақтауын мемлекеттік және мемлекеттік емес қадағалау жүйесін дамыту, сондай-ақ оларды заң бұзғандары үшін жазалаудың пәрменді жүйесін құру.

Сонымен, Бағдарламаны орындаудың тиімділігін бағалау үшін бағалы қағаздар рыногындағы мәмілелер көлемінің көрсеткіші де емес және оның рыноктік капиталдандырылуы да емес, қор рыногының негізгі құралдары - акциялар мен мемлекеттік емес облигациялардың қосымша шығарылымы арқылы республика экономикасына тартылған қаражат мөлшері қолданылады. Бұл ретте қор рыногының бастапқы кезеңінде оның шұғыл тербелістерін болдырмау мақсатында мемлекет бағалы қағаздарға сұраныс пен ұсынысты теңестіру үшін ондағы бар әсер ету тұтқаларын п а й д а л а н а д ы .

2. Бағдарламаның негізгі бағыттары

2.1. Инвесторларға қатысты саясат

2.1.1. Ішкі институционалдық инвесторларды дамыту

Қазақстан халқының инвестициялық әлеуеті айтарлықтай жоғары. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің айырбастау пункттерінің шетелдік валютаны нетто-сату туралы және қолма-қол шетелдік валютаның әкелем-әкетілім сальдосы туралы және өзге де мәліметтер статистикасына негізделген әртүрлі сараптама бағалар бойынша тұрғындардың жасырын жинақ ақшаларының көлемі үш миллиард АҚШ долларын құрайды (салыстыру үшін - жеке тұлғалардың қазақстандық екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерінің көлемі 1999 жылдың 01 көкегіне 30,7 миллиард теңгені құрайды (осы күнге биржалық бағам бойынша 348 миллион АҚШ долларына

баланды). Едәуір ақша сомасын тартатын жасырын ақша "пирамидаларымен" үнемі болып жүрген айғай-шулар тұрғындарда жасырын жинақ ақша бар екендігінің және тұрғындар оларды инвестициялауға даяр екендігінің жанама растамасы болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан азаматтарының жинақталған ақшалары қор рыногының механизмдері арқылы ел экономикасына бағытталатындай жағдайлар жасау қажет. Белгіленген табысы бар құралға салынған салымға қарағанда инвестицияға бастапқы кезде аса жоғары тәуекел деңгейі тән болады, ал тұрғындардың қажетті білім деңгейі жоқ болса, білікті емес инвесторлардың ақшаларын қор рыногындағы ықтимал жоғалтудан жоғары дәрежеде қорғайтын механизмдері құру керек. Инвестициялық қорлар және олардың басқарушылары осындай механизмдерге аса бейім болып келеді, олар:

- арнаулы заңдардың нормаларына сәйкес құрылады және жұмыс істейді;
- білікті қызметкерлері болады;
- тәуекелдерді түрлендіру принципінің негізінде инвестициялауды жүзеге асырады;
- мемлекет айқындаған шектерде жұмыс істейді және реттеуші органның қа да ғ а л а у ы н д а б о л а д ы .

Инвестициялық қорларды қалыптастыру үшін Бағдарламаны жүзеге асыру барысында инвестициялық қорларды құруға және дамытуға кедергі жасайтын заң нормалары жойылады. Оның ішінде қабылданған екі жылғы уақыттан бері нақты нәтижелер бермеген "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының заңы толық қайта қаралады, сондай-ақ инвестициялық қорларға және олардың салымшыларына (акционерлеріне) салық салуды оңтайландыру мақсатында салық туралы заңдар жаңартылады. Сонымен қатар біріншіден, инвестициялық қорлардың акцияларын (пайларын) сатып алу және сату (қордың өзі де және үшінші тұлғаларға да) жөніндегі операциялар аса қарапайым және тұрғындар үшін жалпы рұқсат етуге, екіншіден, трансакциялық шығындарды қордың өзі қысқартуға мүмкіндік тудыратын инвестициялық қорлардың акцияларын (пайларын) орналастыру және сол бойынша құқықтардың өту жүйесін құру жөніндегі ұйымдық-техникалық шаралар кешені қабылданады. Инвестициялық қорлардың өндірісін дамытуға арналған шығындарды төмендету мақсатында инвестициялық активтерді басқару үшін компаниялардың мамандандырылған басқарушыларының қызметтерімен қатар зейнетақы басқару жөніндегі компаниялардың (инвестициялық портфельдерді басқаруда аса көп тәжірибе жинақтаған), сондай-ақ осы үшін және мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында заңды тұлғалар құратын ірі брокерлік-дилерлік ұйымдардың қызметтері пайдаланылады.

Сонымен бір мезгілде білікті емес инвесторлардың осы қорларға салған салымдарын қорғауды қамтамасыз етуге барынша мүмкіндік жасайтын, инвестициялық қорлардың қызметін мемлекеттік реттеу шаралары әзірленеді және енгізіледі.

Институционалдық инвесторлар ретіндегі екінші деңгейдегі банктердің қызметтерін

жандандыру жөніндегі шаралар қабылданады. Қазақстанның қаржы жүйесін дамыту процесінде банктер өздеріне ресурстардың аса үлкен көлемін шоғырландырғандықтан, олардың потенциалы қор рыногын дамытудың катализаторы ретінде қолданылады. Оның ішінде, екінші деңгейдегі банктерге өз активтерін мемлекеттік емес облигацияларға оңтайлы сапада инвестициялауға рұқсат етілді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында қазіргі уақытта бағалы қағаздар рыногында қандай да болмасын белгілі рөл атқармайтын сақтандыру ұйымдарына ерекше назар аударылады. Ең алдымен сақтандыру ұйымдарын капиталдандыру жөніндегі және оларды құруды және қызметін қадағалауды күшейту жөніндегі шаралар қабылданады және қазақстандық сақтандыру ұйымдарын ірі қаржы институттары ретінде дамытуға кедергі жасайтын мәселелер бір мезгілде шешіледі. Сақтандыру ұйымдарының жеке тұлғаларды жинақтаушылық сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетуі ынталандырылады (оның ішінде сақтандырылған тұлғаға оған зейнетақы жасына жеткенше өмірінің ұзақтығына қарамастан мерзімді сомалар (аннуитеттерді) төлеу көзделетін зейнетақылық сақтандыру бойынша). Сақтандыру ұйымдарының бағалы қағаздар рыногында институционалдық инвестор ретіндегі белсенділігін арттыру мақсатында оларға зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға қатысты қолданылатын нормаларға жақын нормалар қолданылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларын институционалдық инвестор ретінде, ең алдымен тек қана міндетті ғана емес, сонымен бірге ерікті зейнетақы салымдарын шоғырландыратын институттар ретінде одан әрі дамыту жөніндегі шаралар қабылданады. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық потенциалын арттыру мақсатында Бағдарламаны жүзеге асыру барысында зейнетақы активтерінің жалпы көлеміндегі Мемлекеттік зейнетақы активтерінің үлесі біртіндеп қысқарады. Сонымен қатар ел азаматтарының зейнетақы салымдарын қорғау дәрежесін көтеретін шаралар жүзеге асырылады.

Брокерлік-дилерлік ұйымдардың ұжымдық инвестициялау жүйесін қолданғысы келмейтін және жеке сипатты қызметті қажет деп санайтын кәсіби емес инвесторлардың бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметі қолдау табады.

2.1.2. Шетелдік портфельдік инвесторлардың қызметін реттеу

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында Қазақстанда қор рыногы арқылы шетелдік инвестицияның едәуір көлемін тартуға және сонымен қатар ішкі қаржы рыногын дағдарыстық оқиғалар жағдайында олардан аса жоғары ықтимал дәрежеде сақтандыруға мүмкіндік жасайтын, шетелдік портфельдік инвесторларға қатысты жаңа, аса прагматикалық саясатты жүзеге асыру басталады. Осы мақсаттарда шетелдік инвестициялар алып-сатарлық емес, инвестициялық бөлікті иеленетін жағдайларды құру жөніндегі мәселелер зерделенеді. Бұл ретте шетелдік портфельдік инвесторлар

қолда бар мүмкіндіктердің барлық спекторын және Қазақстан Республикасының аумағындағы олардың қызметін жүзеге асыруға кепілдіктерді сақтайды.

2.2. Эмитенттерге қатысты саясат

2.2.1. Инвестициялардың мемлекеттік емес бағалы қағаздарға тартымдылығын көтеру

Отандық инвесторлардың мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алуға онша мүдделі болмауының бірнеше себептері бар:

1) эмитенттердің өздері шығарған бағалы қағаздар бойынша және оларға өтеу бойынша кірістерді есептеу жөнінде тәртібі жоқ;

2) кооперативтік басқару нормаларының сақталуына тиісті бақылау мен оларды бұзғандық үшін нақты жаза қолданылатын жүйе жоқ. Эмитенттер акционерлердің жалпы жиналысын шақырудың және өткізудің нормаларын және шешімдер қабылдаудың және ресімдеудің ережелерін бұзады;

3) эмитенттер қызметінің "айқындылығы" жоқ.

Сонымен қатар, эмитенттердің аталған нормаларды сақтауына бақылау жасау (мемлекеттік болсын және мемлекеттік емес болсын) қиын: мемлекет бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу органы арқылы эмитентке әсер етудің нақты тетіктерін иеленбеген, ал ұсақ акционерлер эмитент-ұйымдар дауыс беру құқығынсыз артықшылықты акциялардың иелері болып табылғандықтан және акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру үшін белгілі бір заңды білу талап етілетіндіктен олардың менеджменттеріне әсер етудің жеткілікті тұтқаларын иеленбеген.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында көрсетілген проблеманы жою жөніндегі шаралар кешені қабылданады, оның ішінде функцияларына бағалы қағаздар бойынша есептелінген табыстар алу және оларды осы табыстарға құқықтары бар тұлғалардың арасында бөлу кіретін төлем агенттері институтын енгізу мен бағалы қағаздар бойынша табысты есептеу және төлеу рәсімі заң деңгейінде талданылады, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу органының өкілеттігін кеңейту арқылы инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін эмитенттердің сақтауына мемлекеттік бақылау жасау күшейтіледі.

Эмитенттер қызметінің "айқындылығын" арттыру мақсатында ашық халықтық акционерлік қоғамдарға қатысты қолданылатын нормаларды пайдалана отырып мынадай бірқатар шаралар қабылданады:

- акционерлерінің саны белгілі бір мөлшерден асатын кез-келген ашық акционерлік қоғам өзінің шығарған акцияларын бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың тізіміне енгізу үшін барлық ықтимал және қажетті шаралар қолдануға міндетті болатындай "ашық халықтық акционерлік қоғам" ұғымының а н ы қ т а м а с ы өз г е р е д і ;

- елдің тек қана ашық акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында жұмыс істеуге міндетті аса ірі кәсіпорындарының тізбесі айқындалады;

- аудиторлық фирмалардың сыртқы бухгалтерлік есеп жүргізу талабы енгізілуге тиісті акционерлік қоғамдардың тізбесі айқындалады. Бұл ретте аудиторлық қызметтер рыногын дамыту мақсатында шетелдік, аудиторлық фирмаларға ең алдымен "үлкен бестіктен", Қазақстанда тек қана олардың қазақстандық заңды тұлғалар құру шартымен жұмыс істеулеріне рұқсат етіледі.

Белгіленген шараларды жүзеге асыру Қазақстанда мемлекет тарапынан төлем тәртібі, корпоративтік басқару және қызметінің "айқындылығы" жайында қатаң бақылауда болатын ашық халықтық акционерлік қоғамдар тобын құруға мүмкіндік б е р е д і .

Салық заңдарының жетілмеуі, мемлекеттік бағалы қағаздарға және банктік депозиттерге (мемлекеттік емес бағалы қағаздармен салыстырғанда балама инвестициялау объектісі ретінде) аса жеңілдікті салық режимін бермейтін априори мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алуға мүдделікті төмендететін елеулі фактор болып табылады. Мемлекеттік емес бағалы қағаздардың салықтық тартымдылығын көтеру үшін салық заңдарын тиісінше жаңарту жөнінде ұсыныстар е н г і з і л е т і н б о л а д ы .

2.2.2. Инвестициялау мүмкіндіктерін кеңейту

Бағалы қағаздарға сұраныс пен ұсыныс арасында баланс жасау қор рыногын жаңа құралдармен толықтыруды талап етеді. Олардың бір бөлігін мемлекет жекешелендіру жолымен және басқа механизмдер арқылы, басқа бөлігін мемлекеттік емес ұйымдар мемлекет енгізген ынталандырулар арқылы рынокқа шығарады. Атап айтқанда мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылымын салықтық ынталандыру жөніндегі жоғарыда аталған шараға қосымша ретінде Бағдарламаны жүзеге асыру барысында қор рыногын бағалы қағаздар ұсынысымен толтыру жөніндегі мынадай шаралар жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы :

- жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарын және ипотекалық облигацияларды шығару мәселесі түпкілікті реттелетін болады;

- эмиссиялық қоймалық куәліктер (қоймалық варранттар), коносаменттер және рынокта жаңа қаржы құралдарының, ең алдымен біртекті және жеңіл өткізілетін мүлікке (астық, аффинирленген бағалы металдар және осыған ұқсас мүліктің басқа түрлері) қоймалық варранттардың пайда болуына мүмкіндік беретін басқа да тауар бөлу құжаттарын шығарудың заңдық мәселелері реттелетін болады;

- тұрғын үй сертификаттарын (облигацияларын) шығарудың ресімдері мен шарттары таңдап алынатын болады;

- институционалдық инвесторға жоғары рейтингтік бағаларды иеленген шетелдік

бағалы сипаттама қағаздарды, осындай бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі лицензиялық мәселелерін бір мезгілде реттей отырып, сатып алуға рұқсат етіледі;

- халықаралық қор рыноктарында өздерінің бағалы қағаздарын орналастыруды жүзеге асыруға ниет білдірген қазақстандық ұйымдар алдын-ала осы бағалы қағаздарды жергілікті бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың тізіміне енгізу жөніндегі шараларды орындау және осындай бағалы қағаздардың саудалық айналысының ("фри-флоут") жеткілікті көлемін қамтамасыз ету керектігі жөніндегі талаптар белгіленеді.

2.3. Бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымына қатысты саясат

2.3.1. Қаржы институттарының техникалық мүмкіндіктерін теңестіру

Қазақстан қаржы жүйесін дамыту процесінде кәдімгі депозиттік банктерден өзгеше, депозиттердің барлық түрін (өзге банктердің шұғыл депозиттерінен басқа) қабылдауға тыйым салынған және негізгі қызметі тікелей және портфельдік инвестицияларды жүзеге асыру болып табылатын инвестициялық банктерді құру мүмкіндігі жойылды. Дегенмен, қаржылық қызмет көрсетудің осындай түрдегі қажеттілігі сақталды және оларды бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қосымша лицензиясы бар, бірінші санатты брокерлік-дилерлік ұйымдар (аса жоғары капиталдандырылған, нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен) жүзеге асыра алады. Сонымен бірге, банктердің және осындай брокерлік-дилерлік ұйымдардың бір-бірінен техникалық сипатты (аударымдық, кассалық, айырбастау, сейфтік және оларға ұқсас) операцияларды орындау бөлігінде және қаржы рыногының қандай да болмасын секторына рұқсат етілу бөлігінде елеулі өзгешелігі болады (мысалы, валюталық рынок тек қана банктік болып табылады, ал мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы рыногына да сондай-ақ негізінен банктер б а қ ы л а у ж а с а й д ы) .

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жарғылық капиталдары банктердің жарғылық капиталдарымен салыстырылған брокерлік-дилерлік ұйымдарға Қазақстан азаматтары мен ұйымдары үшін қызмет көрсететін қаржылық институтты таңдау құқығын беретін, жоғарыда аталған банктік техникалық операцияларды орындау мүмкіндігі беріледі. Осыған ұқсас жүйені құру брокерлік-дилерлік ұйымдарға орта және ірі инвесторларды және де тек жеке ғана емес, сонымен бірге корпоративтік (заңды тұлғалар) тартуға мүмкіндік береді, себебі әлемдік тәжірибе брокерлік-дилерлік ұйымдағы жеке қызмет көрсету тек клиентте қаржы ресурстарының көп немесе аз көлемі болғанда ғана тиімді болатындығын көрсетті. Бұл шара ұйымдаспаған қор рыногын қысқарту жөніндегі шаралармен қатар инвестициялық қорларды жанама түрде ұстап тұруға мүмкіндік береді, себебі ұсақ жеке инвесторлардың негізгі бөлігі

олардың әлеуетті клиенттері болады.

Одан басқа, әртүрлі санатты қаржы делдалдарына олардың қызметінің ерекшелігіне қайшы келмейтін қаржы рыногының секторына енуіне тең құқықтар беріледі.

2.3.2. Ұйымдасқан қор рыногын дамыту

Бағалы қағаздар рыногының қалыптасуы барысында Қазақстан оны құрудың орталықтандырылған үлгісіне келді: елде бір қор биржасы - Қазақстан қор биржасы және бір Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі жұмыс істейді. Қазақстан қор биржасының техникалық дамуына байланысты бағалы қағаздар рыногының биржадан тыс баға кесу жүйесі жойылды.

Инвесторлардың қазақстандық ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногына сенімін арттыру мақсатында оны жетілдіру жөніндегі шаралар жалғастырыла береді. Оның ішінде, Бағалы қағаздар орталық депозитарийін капиталдандыруды көтеруі жөніндегі қадамдар жалғастырылады, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің және Қазақстан қор биржасының бағалы қағаздар рыногының барлық субъектілеріне қатысты бірыңғай "таза ойын" ережелерін сақтауларына тұрақты қадағалау жүзеге асырылады. Қазақстан қор биржасының, Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің және қор рыногының басқа да қатысушыларының ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданады. Оның ішінде, ақпаратты резервтік көшірудің және сақтаудың көп деңгейлі және көп нүктелі (аумақтық бөлінген) жүйесі құрылады.

Ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногының нормативтік-құқықтық базасын оның технологиялық даму деңгейіне сәйкес келтіру үшін құжаттар айналысын ретке келтіру жөніндегі, оның ішінде электрондық қол қоюды енгізу және пайдалану жөніндегі шаралар қабылданады.

Қазақстан қор биржасының және Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің базасында жалпы республикалық ұйымдасқан сауда-есеп айырысу жүйесін құру алдағы кезеңнің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, бұл:

- оған Қазақстанның кез-келген аймағындағы қатысушының қосылу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- әртүрлі мәмілелерді оларды жасасу және орындау тәсілдері бойынша жүзеге асыруға;
- қор рыногы "айқындылығының" жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2.3.3. Жалпы республикалық трансфер-агенттік желі құру

Өзінің өте үлкен аумағына қарамастан, Қазақстанның тұрғындары өте аз, сонымен

қатар олар біркелкі орналаспаған. Қаржы рыногының инфрақұрылымы негізінен Алматы қаласында шоғырланған. Сондай-ақ, Қазақстанның азаматтары қаржылық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндіктері бірдей емес. Қаржылық институттардың филиалдық желілерін құру осы проблеманы шешу болып табылды. Өкінішке орай, ақшалай және кадр шығынын талап етеді.

Осыған байланысты жалпы республикалық трансфер-агенттік желі құрудың аса оңтайлы нұсқасы яғни қаржы институттарының және олардың әлеуетті және жұмыс істеп тұрған клиенттерінің арасындағы құжаттарды қабылдау-өткізіп беру жөніндегі делдалдар ұсынылады. Бұл нұсқаны жүзеге асыру елдің кез-келген елді мекеніндегі кез-келген азаматтарына және ұйымдарына бір трансфер-агентке жүгіне отырып кез-келген қаржы институтының кез-келген қызметін алуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында пошталық байланыс базасының негізінде жалпы республикалық трансфер-агенттік желі құрылады. Сонымен бірге жеке трансфер-агенттік желі құруға мемлекет кедергі жасамайды.

2.3.4. Бағалы қағаздар рыногының ақпараттық-білім беру инфрақұрылымын дамыту

Қор рыногының ақпараттық инфрақұрылымының негізін оған ақпараттық қызмет көрсетуге және тиісті мерзімдік басылымдарды жүйелі жариялап тұруға маманданатын ұйымдар құруы тиіс. Мемлекет олардың дамуына жан-жақты қолдау көрсетеді, оның ішінде оларға халықаралық ұйымдардан көмек көрсетілуіне ықпал жасайды.

Тәуелсіз рейтингтік агенттіктер бағалы қағаздар рыногының ақпараттық инфрақұрылымын маңызды элементі болуы тиіс. Олардың көкейкестілігі инвестициялау туралы шешім қабылдауға қажетті, бірақ бағалы қағаздарды сатып алудың немесе сатудың дұрыс немесе дұрыс еместігіне ұсыным болып табылмайтын қосымша ақпаратты инвесторлардың және бағалы қағаздар рыногына басқа да қатысушылардың алулары қажеттілігінен туындайды.

Бағалы қағаздар рыногының өтімділігі артуына қарай Қазақстанда қор индексінің есебі басталады, бұл болашақта оның жай-күйінің және даму деңгейінің негізгі көрсеткішіне (индикаторы) айналады.

Қазақстан қор рыногының ақпараттық "айқындылығының" деңгейін көтеруге республикалық бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеудің автоматтандырылған жүйесін құру, бағалы қағаздар шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті және эмитенттердің қаржылық және өзге де есебін қарау елеулі ықпал жасайды.

Қор рыногын одан әрі дамыту оның барлық қатысушыларының білімділік және кәсіби деңгейлерінің проблемаларын шешуді талап етеді. Бұл ең алдымен тұрғындарға, бағалы қағаздардың эмитенттеріне және кәсіпқой қатысушыларына қатысты болады.

Шаруашылық субъектілері басшыларының және тұрғындардың экономикалық

сауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет екі білім беру бағдарламасын ұсынады. Олардың біріншісінің мақсаты жұмыс істеп тұрған немесе әлеуетті шаруашылық субъектілерінің жетекшілерін банк несиелеріне балама ретінде қаржы ресурстарын тарту құралдары ретінде қор рыногының механизмдерін пайдалануға оқыту болады. Екінші бағдарлама тұрғындарды қор рыногындағы "ойын ережелеріне" оқыту, ұжымдық инвестициялау артықшылықтарын түсіндіру мақсатында жүзеге асырылады.

Қор рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлауға қатысты мемлекет ұзартылған оқу мерзімдеріне және оқытудың тереңдік сипатына бағдарланған оқу ұйымдарына (жұмыс істеп келгендерімен салыстыра отырып) қолдау жасайды.

2.4. Бағалы қағаздар рыногын реттеу саясаты

2.4.1. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жандандыру

Қазақстанда қор рыногын мемлекеттік реттеудің инвесторлардың құқықтары мен заңмен сақталатын мүдделерін пәрменді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызатын жүйе қалыптастырылатын болады. Осы міндетті жүзеге асырудың нақты механизмдерін құру үшін, ең алдымен бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу органы ретінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының рөлі күшейтіледі. Осы мақсаттар үшін Бағдарламаны жүзеге асыру барысында:

- Ұлттық комиссияның бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының қызметін реттеу бөлігінде, оған осы қатысушыларға қатысты өзі дербес әкімшілік жаза қолдануға құқық беріле отырып, өкілеттігі кеңейтіледі;

- Ұлттық комиссияға эмитенттердің қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыруға, олардың қызметтерінің тәртібін айқындайтын және Ұлттық комиссияның құзыретіне кіретін жекелеген заң нормаларының орындау бөлігінде әкімшілік жазаларын қолдануға құқық беріле отырып, қосымша құқықтар беріледі;

- республиканың аса ірі облыс орталықтарында Ұлттық комиссияның аумақтық бөлімшелері құрылады;

- "Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және заңмен сақталатын мүдделерін қорғау туралы" заңның жобасы әзірленеді және қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылады.

2.4.2. Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттеу ұйымдарын құру

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында Қазақстанда біртіндеп бағалы қағаздар

рыногы кәсіпқой қатысушыларының қызметіне бақылау жасаудың екі деңгейлі жүйесі қалыптасады: олардың өзін-өзі реттеу ұйымдары (ӨРҰ) өздерінің мүшелерінің белгіленген қызмет ережелерін сақтауына ағымдағы бақылау жасауды жүзеге асырады, ал бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу органы ретінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы ӨРҰ-ның қызметін бақылайды, сондай-ақ ӨРҰ мүшелеріне тексеруді таңдап жүргізеді.

ӨРҰ рөлін күшейтуді қолдау мақсатында бағалы қағаздар рыногы қатысушысының ӨРҰ-на міндетті мүше болу ережесі енгізіледі. ӨРҰ оң қорытындысы үміткердің қазақстандық бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің қандай да болмасын түрін жүзеге асыруға лицензия алу үшін міндетті негіз болып табылады. ӨРҰ ұсынысы лицензияны тоқтата тұру немесе қайтарып алу, сондай-ақ оны қолдануды жаңарту негіздерінің бірі болып табылады.

ӨРҰ-на сондай-ақ бағалы қағаздар рыногындағы жұмыс үшін мамандарды кәсіби оқыту саласында қосымша өкілеттіктер беріледі. ӨРҰ-ның пікірі тиісті оқу бағдарламаларын жүргізуге оқу орталықтарына рұқсат беру кезінде ескеріледі, ал ӨРҰ-ның өкілдері біліктілік куәліктерін алу үшін үміткерлерді аттестациялауға қатысуға мүмкіндік алады.

ӨРҰ бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының қызметін реттеудің жұмыс істеп тұрған институты ретінде қалыптасуына орай оларға сондай-ақ бақылау және қадағалау жасаудың жекелеген функциялары беріледі.

3. Бағдарламаны іске асырудың тетігі

Бағдарламаның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын есеп беріп отыратын Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы рұқсат етілген өкілеттіктер шегінде Бағдарламаның негізгі орындаушысы және үйлестірушісі болып табылады.

Бағдарламада қозғалған және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының құзыретіне енгізілмеген мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің және басқа мемлекеттік органдардың өкілеттіктері пайдаланылады.

4. Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жыл сайын осы мақсаттар үшін қарастырылатын қаржының шегінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаны орындау үшін сондай-ақ бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының, Қазақстан қор биржасының, Бағалы қағаздар орталық

депозитарийінің, басқа да мүдделі тұлғалардың, халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты, сондай-ақ техникалық және консультациялық көмек желілері бойынша алынатын ресурстар тартылады.

5. Болжалды нәтижелер

Бағдарламаның ойдағыдай іске асырылуы Қазақстан қор рыногын бағалы қағаздарға деген сұраныспен де және ұсыныспен де толтырады, шаруашылық субъектілері үшін банктік несиелерге балама қаржы ресурстарын тарту механизмін, ал инвесторлар үшін - қаражатты салудың және қайта бөлудің тиімді механизмін жасайды.

Қазақстан қор рыногын жандандыру және оның субъектілерінің қызметін оңтайландыру елдің инвестициялық тартымдылығын көтерді және алыпсатарлық емес сипаттағы шетел портфельдік инвесторларының мүддесін туғызады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.